



Қорытындылай отырып шығармашылық белсенділік жеке тұлғаның тұрақты сапалық белгісі ретінде оқушының жан-жақты дамуына жағымды ықпал етеді, ақыл-ой және адамгершілік қуаты оның ерік-жігерін, ойлау, елестету қабілетін, эмоциясын белсендіретін қызықты интеллектуалды іс-әрекетінде көрініс табады. Ол жеке тұлғаның қоғамда беделін көтеруде және оның өз-өзіне баға бере білуіне ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Атманова Б. Баланың шығармашылық қабілетін дамытудың педагогикалық шарттары мен іс-әрекет бағыттары // Бастауыш мектеп №5,6 / 2007.
2. Рүстемова Ж. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту // Қазақстан мектебі №3/2005.
3. Күнпейіс Ж. Оқушыларды шығармашылыққа қалыптастыру // Бастауыш мектеп №2/2006.

ОҚУ ҮРДСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

*Дәулетхан Б.Д.
ҚМПИ, Филология факультеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 2 курс студенті
Әбдіркенова А.Қ-аға оқытушы*

Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы мұғалімдерсіз инновациялық экономика құра алмайтындығымыз жайлы еліміздің президенті Н. Ә. Назарбаевтың үстіміздегі жылғы Қазақстан халықтарына арнаған «Бәсекеге

кабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» атты Жолдауында ерекше аталып өтіліп, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, экономикалық және қоғамдық жанару қажеттіліктеріне сай білім керектігіне назар аударылған болатын. Ал бәсекеге қабілетті елдің әрбір азаматы бәсекеге қабілетті болуы тиіс деп есептеймін. Мектеп - оқушы тұлғасын қалыптастыру мен дамуының басты баспалдағы.

Бүгінгі таңдағы мектептердің алдында тұрған мәселе оқушыларды дамыта оқыту, яғни, оқушыны оқу әрекетіне қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылығын арттыру. Сондықтан, мұғалімнің алға қойған маңызды міндетінің бірі – талабы таудай жеке тұлғаны іздеп табу, оны өсіру. Әр оқушының қабілетін танып біліп, дамытып адам дәрежесіне жеткізу үшін жаңашыл жұмысқа бет бұру керек.

Қазіргі педагогика теориясына елеулі өзгерістер еніп, жаңа көзқарастар пайда болды. Әрі білім беру құрылымында жаңа технология өмірге келді.

«Технология дегеніміз қандай да болсын істегі, шеберлікті, өнердегі адамдардың, ал педагогикалық технология педагогикалық мақсатқа қол жетудегі қолданылатын барлық қисында ілім амалдарымен әдістемелік құралдардың жүйелі жиынтығы»- деп түсіндіреді В. Кларин. Соның бірі қарым-қатынас жасау технологиясы. Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс: екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады. Қарым-қатынастың бірі педагогикалық қарым-қатынас. Педагогикалық қарым-қатынас - белгілі бір педагогикалық қызмет атқаратын, жәйлі психологиялық құруға және оқу іс-әрекетін, педагогпен оқушы арасындағы, оқушылар ұжымы ішіндегі қатынастарды психологиялық тиімді етуге бағытталған оқытушы мен оқушының сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы кәсіптік қарым-қатынасы [4].

Алғаш оқуға келген оқушыны оқу барысында дұрыс ұйымдастырып, онымен дұрыс қарым-қатынас жасау ең бірінші мақсат-міндет болып табылады. Ұйымдық сана мен оқушының санасын түсіну ретінде педагогтың жұмысындағы маңызды жағдай оқушының жағдайын түсіну және қарым-қатынас болып табылады. Түсіну оқушының ішкі көзқарасын жүйелік қалыптасуға, басқа адамның ішкі жандүниесін түсінуге мүмкіндік береді [1].

Мұғалім қарым-қатынаста оқушыны жеке тұлға ретінде дамытады. Оқушыны қоғам мүшесі ретінде тәрбиелейді. Қарым-қатынас тек адамдар арасында ғана емес ол қоршаған дүниемен, табиғатпен байланысты екенін оқушының санасына ұқтырады. Адамның өмірі адаммен, бірінсіз-бірінің күні жоқ. Адамдар арасындағы қарым-қатынас жақсы болса, көрер күндері қызықты болады. Жас кезінде бұзақы болған Б. Франклин уақыт оза келе адамдармен қарым-қатынас жасауда зор табыстарға қол жеткізіп, нәтижесінде Франциядағы американ елшісі болып тағайындалған екен. Мұның сырын ол былай түсіндіріпті: «Мен еш адам туралы жаман әңгіме айтпаймын, керісінше жақсы әңгімелерін ылғи айтып жүремін». Адамдар арасындағы қарым-қатынас, шын мәнінде, өте нәзік дүние. Өйткені қылт етсе сынып кетуі мүмкін көпір болады. Әркімнің қабағына қарау да онайға соқпайды.

Ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынасқа біріншіден, мұғалімнің адамгершілік сапалары жатады. Олар: ептілік, шәкірттерге мүмкіндігінше ықыласты көмек көрсету, олардың жан дүниесін түсінуі. Мұндай қасиеттерді шәкірттер өз ұстаздарының бойынан көргісі келеді. Ал, ұстаздардың бұларға немқұрайлы, селқос, ықылассыз қарауын оқушылар ұстаздың ұнамсыз қасиеттері деп санайды. Екіншіден мұғалімнің ұстаздық шеберлігіне байланысты қойылатын талап-тілектер. Мұғалімнің өз пәнін жетік білетіндігі балаларға оқу материалдарын жете түсіндіріп ұғындыра алатындығы, әр алуан амал-тәсілдер қолданып, сабақты тартымды және қызықты етіп өткізетіндігі

Үшіншіден топқа ұстаздық жасөспірімдердің бірімен-бірінің өзара қарым-қатынасына, олардың өміріндегі күйініш-сүйініштеріне, табыстары мен сәтсіздіктеріне, әр түрлі қоғамдық-көпшілік жұмыстарға қатысуына байланысты көңілбөліп, мән беруі, ұстаздың класс жетекшілік жұмысындағы іс-әрекеттері жатады.

Төртіншіден топтағы шәкірттер, мұғалімнің жеке басына тән мінез-құлықтарының ерекшеліктерін атап көрсетеді. Осындай қарым-қатынастардың негізінде оқушыларды оқу үрдісінде ұйымдастыра отырып олармен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндіктер болмақ. [3].

Алдыңғы қатарлы тәжірибені жетілдіре отырып, оқу үрдісіне жаңа әдіс-тәсілдерді, оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, оқушылардың жалпы дамуын камтамасыз етуі керек. Бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, мұғалім олардың осы талпынысын дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оны ұйымдастыру формасын түрлендіріп отыру — мұғалімнің басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады. Кіші мектеп оқушылары үшін мұғалім олардың еліктейтін, үлгі ететін абыройлы жан. Олар ұстазының бүкіл іс-қимылына, жүріс-тұрысына, сөйлеу мәнеріне, адаммен қарым-қатынасына еліктейді. Сондықтан да жауапкершілігі мол, адал да мейірімді, әділ де парасатты, рухани дүниесі бай педагогтар ғана балаға білім мен тәрбие беріп, оның жаңа дүниесіне осер ете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймағанбетова Б.Р., Бейсенбаева А.А. Жеке адамның дамуы. Алматы 1991ж.
2. Мусаева С.А., Бегалиев Т.Б. Жас ерекшеліктер педагогикасы. ҚРБілімжәнеғылымминистрлігі. «Фолиант» баспасы Астана – 2006
3. Нағымжанова Қ.М., Нұрғазиева Н.М. Бастауышбілімберудегіжаңатехнологиялар. Өскемен, «Медиа-Альянс», 2005.

ПЕДАГОГ – КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІ ТҰЛҒА

*Жарқынбек Қ. С. ҚМПИ
Қазақ және орыс филологиясының
Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Қанапина Б.Т.
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы*

Білім беру ісіндегі басты тұлға – педагог екені ақиқат. Сол педагогтің мәртебесін арттыру, абыройын көтеру – көп қырлы үдеріс. Бұл білім беруді дамытудың жаңа бағдарламасынан орын алған [1,17].

Педагог – деп жалпы білім беретін мектептегі бір немесе бірнеше пәнді беретін маманды айтады. Әртүрлі білім беру қызметпен айналысатын адамдарға қолданылатын жалпы термин [2].

Бүгінгі заман талабына сай педагог – ол рухани дамыған, педагогикалық технологияның қыр-сырын жетік меңгерген шығармашыл тұлға болуы тиіс.

"Педагогтың кәсіби құзіреттілігіне не жатады?" деген сұраққа жауап бермес бұрын, кәсіби құзіреттілік терминінің мәнін ашып алайық.

Ұстаздың педагогикалық шеберлігі мен кәсібилігінің айырылмас құрам бөлігі ретінде оның кәсіби құзыреттілігі саналады. Құзыреттілік ұғымы адамның қайсыбір қызметті атқаруға дайындығының құймасын сипаттайды. Қазіргі кезде жалпы және кәсіби білім берудің теориясы мен практикасында жиі қолданылуда.

А.К.Макрова кәсіби құзыреттіліктің бірнеше түрін бөліп көрсетеді де, олардың болуы адамның кәсіби жетілгендігінің көрсеткіші деп санайды:

- Арнайы құзыреттілік;
- Әлеуметтік құзыреттілік;
- Тұлғалық құзыреттілік;